

Хаттама №5

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 30 қаңтары күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Катысуға тиісті – 41

Катысқаны – 30

Дәлелді себептермен қатыспағаны -11

Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын тексеру. /Б. Аханова /
2. Физика, химия, биология пәндерінің берілуі мен сарамандық және зертханалық жұмыстар туралы /Б.Аханова/
3. Жас мамандар мен оларға тәлімгер мұғалімдердің жұмысы туралы. /Б.Аханова/
4. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық және діни экстремизммен, терроризмге байланысты атқарылған жұмыстар туралы /С. Кәрібай /
5. ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың нәтижелері, дайындық барысы, пән мұғалімдерінің біліктілік деңгейі және алдағы атқаратын жұмыстар туралы /Т. Бөлебаев/
6. Мектепшілік бақылау: А) 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінің, тарих, математика пәндерінің берілу жағдайын зерделеу. Ә) Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды колдану деңгейін анықтау (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс), Б) Оку мақсаттарының сабак мазмұнына сәйкестігін бағалау /Б.Аханова/
7. /Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 77- ші іс-шара жоспарына /Ыстық тамаққа/ сәйкес жұмыстар мен ағымдағы мәселелер туралы /А Аханов/

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын тексеру барысы туралы баяндады. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын тексеру мақсатында 1-4 сынып оқушыларынан негізгі пәндер бойынша сынақ жұмыстары алынды. Математика, қазақ тілі жаратылыштану, дүниетану пәндерінен тест, әдебиеттік оқудан минуттап оку алынды. 2024ж. қаңтар айында тексерілген 2-4 сынып оқушыларының оку техникасы бойынша төмендегідей көрсеткіш көрсетті .

| Сынып | Оқушы саны | Катысқаны | «5» | «4» | «3» | «2» | Сапа | Үлгерім |
|-------|------------|-----------|-----|-----|-----|-----|------|---------|
| 1 | 11 | 11 | 4 | 4 | 2 | 1 | 72% | 90 % |
| 2 | 10 | 10 | 3 | 4 | 2 | 1 | 70% | 90 % |
| 3 | 10 | 10 | 4 | 4 | 1 | 1 | 80% | 90% |
| 4 | 9 | 9 | 2 | 2 | 3 | 1 | % | % |

1- сынып бойынша 1 окушы Айдар Ернардың оку техникасы нормаға жетпейді .
Дайындық жұмыстарын жүргізіп оку техникасын жетілдіру қажет екенін айтты .
2 сынып бойынша 1 окушы Елтай Ұлжанның оку техникасы нормаға жетпейді .
Дайындық жұмыстарын жүргізіп оку техникасын жетілдіру қажет .
3- сынып жетекшісі Кәрібаева Балагұл сынып үлгерімі жақсы бір окушысы нормативке сәйкес оқи алмады. Қосымша дайындық жұмыстарын жүргізіп, қадағалау керек .

4-сынып бойынша 1 окушы Әмірбек Нұрсұлтанның оку техникасы нормага жетпей тұрғанын айтып өтті. 2-сыныпта қазақ тілінен жазба жұмысынан төмен көрсеткіш көрсеткен; үлгерім 73%. Математикадан бақылау жұмысынан: 71%.

3-сыныпта қазақ тілінен жазба жұмысынан төмен көрсеткіш көрсеткен: 76%; Математикадан бақылау жұмысынан: 86 %.

4-сыныптар арасында қазақ тілінен жазба жұмысынан төмен көрсеткіш көрсеткен: 71%. Математикадан да төмен көрсетті 45%,

Ұсыныс: 3,4-сыныптардың оку техникасын бақылауга алу; Білім алушыларды әдеби кітап оқуға дағылданыру; Оку техникасы нормага жетпейтін окушылармен жүйелі жұмыс жүргізіліп, үлгерімі бақылауға алынса.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: Физика, химия, биология пәндерінің берілуі мен сарамандық және зертханалық жұмыстар туралы өз сезінде химия, физика, биология, география пәні бойынша пәндердің берілуіне тоқталып, кестеге сәйкес уақытында сабактар жүргізді. Сабакка ену кестесіне сәйкес сабактарға қатысып ұсыныс пікірлер айтылды. Сабак барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар орындалды. Алдағы уақытта деңгейлік тапсырмалар мен көрнекі құралдар мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану керек екендігі пән мұғалімдеріне ескертілді. Сарамандық жұмыстар бойынша химия, физика пәндерінен зертханалық жұмыстарды жетілдіру керек екендігі ескертілді. Алдағы уақытта зертханалық жұмыстарды талапқа сай, уақытында жүргізіп отыру керек. Химия пәні бойынша барлық құрал-жабдықтар жеткілікті деңгейде, сондыктан уақытында зертханалық жұмыстар қауіпсіздікті сактай отырып орындалу керек екенін нақтыладап айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: Жас мамандар мен оларға тәлімгер мұғалімдердің жұмысы туралы баяндады. Оку жылы басында бекітілген жас мамандармен тәлімгер ұстаздар жоспарға сәйкес бірлескен жұмыстар атқарып, өзара тәжірибе алмасуда. Сабак барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді окушылардың жас ерекшелігіне қарай таңдап, тиімді әдістермен сабак жүргізуде. Мектепшілік, аудандық, облыстық байқаулар мен шараларға тәлімгер ұстаздармен бірлесіп нәтежеге бағытталған жұмыстар жүргізіп байқауларда нәтиже көрсетіп жүлделі болып жүргендерін айтты.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай окушылар арасындағы құқық бұзушылық және діни экстремизммен, тероризмге байланысты атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Мектеп директорының бұйрығы шығарылып, діни экстремизмнің және окушылардың түрлі ағымдардың қатарына еніп кетудің алдын алу жұмыстары жүргізіліп келеді және алынған нәтижеге тоқталар болсам:

Қазақстан-көп ұлтты, зайырлы мемлекет. Сол себептен біздің елімізде көптеген ұлттар тұрады. Әр ұлттың өз діні бар. Мұсылман діні мен христиан дінінен құлышылық ететіндердің саны 90%-ға жететін болса, бұдан басқа да буддизм, католизм, протестанттық және т.б. діндер тараған. Окушыларды рухани-адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу, айналасындағы адамдарға құрметпен қарауға жат ағымдардың теріс піғылдарын түсіндіру арқылы Отанға деген сезімін ояту, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Окушыларға қазіргі тандағы теріс діни ағымдар жайында, экстремистік ұйымдар мен әртүрлі діни секталардың адам өміріне тигізег зияны туралы түсіндіріліп келеді.

Аудандық білім бөлімінің оку жылындағы діни экстремизмнің және жастардың түрлі діни ағымдардың қатарына еніп кетуінің алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстар жоспарына сай, мектепішілік жоспар жасакталды.

Мектебімізде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында мектеп ыны, психологиянің қатысуымен діни экстремизмге қарсы іс-шаралар жоспары құрылыш, осы жоспар бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Дәстүрлі діндер арасындағы қарым-қатынас бойынша мектеп қызметкерлерінен қыркүйек айында сауалнама алынды. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында баяндама оқылып, мұғалімдер мен мектептің кіші қызметкерлеріне жадынамалар таратылды.

5-7 сыныптар арасында казан, қараша, желтоқсан айларында «Дін-тәрбие дінгегі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізді.

9-10 сынып арасында қазан, қантар айларында «Теріс діни ағымдар уағызы-зансыз уағыз» тақырыбында пікірталас өтті. «Жасөспірім және секталар» тақырыбында жадынамалар, «Дін туралы не білеміз?» сынып сағаттары, 5-9 сынып оқушылары арасында желтоқсан айында «Абайла, экстремизм» тақырыбында сынып сағаттары үйымдастырылды.

«Ланкестің қоғамға қауіпсіздігі» шығармалар алынып, 8-11 сынып оқушыларына желтоқсан айында «Діни экстремизм деген не?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

25.01.2024ж. күні "Алаш" дебат клубының үйымдастыруымен "Діни экстремизм мен терроризм" тақырыбында АПФ форматында дебат өткізді.

Мақсаты – Діни экстремизмнің алдын алу бойынша жастардың діни сауаттылықтарын ашып, толықтай маглұмат беру.

Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және солармен куресудің жолдары және елімізге келтіретін зардаптарын жан-жакты талдап, оқушыларға ой салу.

Қатер төндіретін жат діни ағымдардан сақ болуға, жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Дебат барысында оқушылар "Оппозиция" және "Үкімет" тобы болып топқа бөлініп, «Экстремизм, терроризм дегеніміз не? Қауіпті діни ағымдар туралы не білесіз?» сұрақтары арқылы қатысушылар өз ойларын ортаға салды. «Террорлық әрекеттің дінге қандай әсері бар?» деген сұрақ төнірегінде пікір алмасып, қызу пікірталас жүргізді.

Осы мақсатқа сүйене отырып №238 орта мектебінде діни-экстремизмнің алдын-алуға байланысты жоспар құрылып мына төмендегі жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айында 5-11 сынып оқушыларымен «Діннің рухани байлығы» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Желтоқсан айында «Діни экстремизм дегеніміз не?» тақырыбында 10-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтті. Оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды. Оқушыларға «Хиджап, паранжа, қыска балакты шалбар киу, сақал қою» мәселелерін түсіндірілді. Дүниежүзінде діндердің таралуы бойынша біраз мәліметтер берілді. Қазан айының 9 жүлдезында «Экстремизм және тәрбие» тақырыбында 7 сыныппен дөңгелек үстел өтті. Казіргі кезде қоғамымызды адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың каншама біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықта зиян келтіріп жатқанын көптең естіп журміз. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастыруыш діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып және олардан аулақ болуын айтып өтілді.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасарының жұмысын уақытша атқарушы Т. Бөлебаев: ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың нәтижелері, дайындық барысы, пән мұғалімдерінің біліктілік деңгейі және алдағы аткаратын жұмыстар туралы шығып сөйледі. 2023-2024 оку жылындағы 11 сыныпта 7 оқушы білім алуша. Қазіргі таңда 6 оқушы таңдаған мамандықтарына сәйкес, таңдау пәндері бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп келеді. Оқушыларды бақылау мақсатында ай сайын тест алынып, мұғалімдермен ата-аналарға кемшіліктер мен жетістіктері талқыланып отырды. Таңдау пәндері бойынша ата-аналармен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 11 сыныптың дайындық кестесі бекітіліп кестеге сәйкес бақыланып тұр. Қантар айындағы ақылы негіздегі ұлттық бірынғай тестілеуіне 29-шы қантарға П. Жұмабек, Н. Исабек, Н.Әмірбек, А.Тілеуберген, 31-ші қантарға Р.Смағұл тіркелген. Оқушылар мен ата-аналарға ұлттық бірынғай тестілеуінің қатан ережелері мен таныстырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 11-сынып оқушысы

Р.Смағұлдың төл күжатының болмауына байланысты, туу туралы күәліктің анықтамасы дайындалды. Оқушылардың білім деңгейін сарапал, ата-ана мен пән мұғалімдерінің дайындық барысындағы олқылық тұстарын анықтау мақсатында, өзара еркін тақырыпта пікір алмасу өткізілді. Ата-ана, оқушы, мұғалім арасындағы байланысты нығайтып, өздерінің ойында жүрген ойларымен бөліскеңін баяндады. Қантар айындағы ұлттық бірынгай тестілеуіне баратын 11 сынып оқушыларына мектеп психологі Перизат Үргенішбаева «Сенім менің серігім» атты психологиялық тренинг өткізді. Шара барысында оқушылар өз ойларын еркін сөйлеп, қарым-қатынастары жаксара түсті. Оқушылар бір-біріне жылы тілектер мен сәттіліктер тіледі. Осында көніл-күй сыйлағаны үшін мектеп психологі Перизат Үргенішбаевага оқушылар тілектерін білдірді. Сөз сонында мектеп директоры Әлия Кеулімжай Талғатбекқызы оқушыларға серпін сөздері мен сәттілік тіледі.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: Мектепшілік бакылау: А) 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінің , тарих, математика пәндерінің берілу жағдайын зерделеу. Ә) Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдану деңгейін анықтау (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс), Б) Оқу мақсаттарының сабак мазмұнына сәйкестігін бағалау бойынша баяндады.

5-9 сыныптар бойынша қазақ тілі мен әдебиет, тарих, математика пәндерінің берілу жағдайын зерделеу мақсатында, сабактарға кіріп сарапау жұмыстары жүргізілді. Кестеге сәйкес мұғалімдер сабактарын өтті . Сабак барысында мұғалімдер жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылармен топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай әдіс-тәсілдер қолданылғанын аита келе алдағы уақытта оқушыларға деңгейлік тапсырмалар қосып дайындал беру керек екендігін де ескертті .

Ә) Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдану деңгейін анықтау топтық, жұптық, жеке жұмыстарында мұғалімдер сабак барысында әртүрлі әдістер мен заманауи технологияларды қолданып, сабактар өтукізуде. Сабакқа жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып сабак өту, оқушылардың тақырыпты менгеріп, сабакқа белсенділігін арттыруда. Мұғалімдерге айтар ұсынысым, шығармашыл ұстаздардың қолданған әдіс-тәсілдерін қолданып, тәжірибе алмасу және үнемі сабакта жаңаша технологияларды қолдану керек екендігі ескертіліп айтылды .
б) Оқу мақсаттарының сабак мазмұнына сәйкестігін бағалау. Оқу мақсаттары сабак мазмұнына сәйкес жүргізілуде. Әрбір пәннің өзіндік ерекшелігіне сәйкес оқу мақсаттарымен мазмұны сәйкес жүргізілуде.

Келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Аханов өз сөзінде:Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығын 10-қосымшасын басшылыққа ала отырып бүйрек шығарылды. Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген 163-ерекшелікten ыстық тамақ ішетін оқушылар 01. 09. 2023- 2024 оқу жылында. Мектепшілік әлеуметтік топтағы балаларды сарапау комиссиясы отырысының №2 хаттаманың негізінде төмендегі 45 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылар қатарына енгізілген.

№238 орта мектеп бойынша 1-4 сынып оқушылары 159 ерекшелікке сәйкес бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп және «Тасөткел» шағын жинақ мектебіндегі 5-оқушы, 1-4 сынып аралығындағы №3 хаттаманын негізінде 26 оқушы бір мезгіл ыстық тамақ ішетін тізіміне енгізілген. Сондай-ақ, 1-4 сынып оқушыларының күнделікті кестеге сәйкес асханаға барып-қайтуын ұйымдастыру және оқушылардың жеке басының куаіпсіздігін сактау үшін сынның жетекшілері бекітілген:

| | |
|---------|-------------------|
| 1-сынып | Биманова Жанар |
| 2-сынып | Кәрібаева Асылзат |
| 3-сынып | Кәрібаева Балагул |

| | |
|-------------------------------|-----------------|
| 4-сынып | Есет Гүлмира |
| «Тасөткел»шағын жинақ мектебі | Нургабилова Зоя |

163-ерекшеліктен ыстық тамақ ішетін оқушылар саны- 45 оқушы

159 ерекшеліктен ыстық тамақ ішетін оқушылар саны-26 оқушы

Барлық оқушы саны- 71 оқушы

Шығып сойлеушілер:

- Ағылшын тілі пәннің мұғалімі- А.Құрманшаева:** Аталған мәселелер күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптар деп ойлаймын. Аты аталған пәндердін сабактарымның арасында кіріп, тәжірибе алмасуға ұмтыламын. Пән мұғалімдері үнемі ізденіс үстінде жүреді, өзім де сабак беретін сыныптарға зор дайындықпен келуге тырысамын. Оқушылардың белсенділіктері жақсы. Сондықтан пән мұғалімдері өзінің әрбір сабағына осылай карауы тиіс деп есептеймін. Сынып жетекші ретінде ата-аналармен де тұрақты байланыста болып, пікірлесіп тұрамыз. Әсіреле балалардың өмір қауіпсіздігі баста назарымызда. Оларға өмірде кездесетін кездейсок, тұрлі жағдайлардың алдын алу, мұкият болу қажеттігін үнемі қайталап, естеріне салып отырамыз.
- Математика тілі пәннің мұғалімі- М.Сердалиева:** Математика пәні берілуі бойынша біршама бақылау жұмастары жүргізілді. Матемтика, геометрия пәндерінен өзім беретін сыныптарда көрнекілікпен сабак өтуге баса назар аударамын. Есеп шығаруға оқушылардың қызығушылығы, белсенділігі жаман емес. Стандартты менгертуге, жеке оқушылармен жұмыс жүргізуге барынша тырысамын.
- География пәннің мұғалімі –А.Қожамбетов:** Қазір әлеуметтік желілерде неше тұрлі адамдар мен ағымдар, олардың пікірлерінің алуан түрлілігі бой көрсетіп жүр. Оқушылардың әрқайсысының колында ұялы телефон бар. Сол телефондарын мақсатты пайдалану, жағымсыз нәрселерден аулақ болу қажеттігін күнделікті қайталап айта беруіміз қажет. Балаларымыз сол кезде құқық бұзушылық және діни экстремизммен, терроризмге қажетсіз мәліметтерден бойын аулақ ұстайды деп сенемін. ҰБТ-ке келер болсақ, оқушылар географиядан дайындық үстінде. Барлық ұғалімдер де күш-жігерді арнап, дайындық барысында аянып жатқан жоқ. Оқушылар тесттерден әртурлі көрсеткіштер көрсетеді. Демек, әлде де дайындықты қүшейту керекпіз. Ата-аналармен де тұрақты байланыста болып, пікірлесіп тұрамыз.

Директор жаңындағы кеңес қаулы етеді:

- Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы, физика, химия, биология пәндерінің берілуі мен сармандағы және зертханалық жұмыстардың жүргізілуі, жас мамандар мен оларға тәлімгер мұғалімдердің жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, аталған пәндерден үздік нәтижелерге бағыттау жұмыстарын үйлестіру мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін,
- Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық және діни экстремизммен, терроризмге байланысты атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарды сапалы ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсін.
- ҰБТ- га қатысатын оқушылардың дайындық барысын қадағалау, ата-аналарымен байланысты нығайта тұсу, психологиялық колдау көрсету, үздік нәтижелерге жетелеу мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасарының жұмысын уақытша аткарушы Т. Бөлебаев пен мектеп психологі П.Ургенішбаеваға, сыннып жетекшісі Ө.Каримоваға міндеттелсін.
- Мектепшілік бақылау бойынша: А) 5-9 сыныптарда казак тілі мен әдебиетінің, тарих, математика пәндерінің берілу жағдайын зерделеу; Ә) Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдану деңгейін анықтау (топтық жұмыс, әдістердің заманауи технологиялардың қолдану деңгейін анықтау)

жұптық жұмыс, жеке жұмыс); Б) Оқу мақсаттарының сабак мазмұнына сәйкестігін бағалау бойынша жүргізілген жұмыстар «қанагаттанарлық» деп бағаланып, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарды сапалы ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға жүктелсін.

5. 2023-2024 оқу жылындағы ыстық тамаққа сәйкес жұмыстарды нормативтік құжаттарға сай жүргізу, қатаң бақылау, тұрақта назарда ұстау әлеуметтік педагог А.Ахановка міндеттелсін.

Директор жаңындағы кенестің төрайымы:

 Ә.Кеулімжай

Хатшысы:

 А.Жарболова

